

**2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 88 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 қазанда № 2304 тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес, Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бейнеу ауданы бойынша 2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. «Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (М.Ө.Нысанбаев) 2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін көзделген қаржыландыру жоспары шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. «Бейнеу аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (О.Қ.Наурызбаев) осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және Бейнеу аудандық әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Б.Әбілшеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*міндетін атқарушы*

*Аудан әкімінің  
К. Машырықов*

Аудандық  
2013 жылғы  
№ 88 қаулысына қосымша

26  
әкімдіктің  
қыркүйектегі

**Бейнеу ауданы бойынша 2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру республикалық бюджет есебінен және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі мекеме атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			Мектепке д жан басына
		Балабақша мемлекеттік/жеке меншік)	(Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар толық күн болатын дербес шағын орталық	
1	"Балдәурен балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	130	0	0	20334
2	"Балбұлақ балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	205	0	0	20334
3	"Балдырған балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	0	0	20334
4	"Алтын ұя балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	200	0	0	20334
5	"Тұрыш мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	24	0	0	20334
6	"Сам мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5	0	0	20334
7	"Ә.Махутов атындағы мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	42	0	0	20334
8	"Ақжігіт балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	155	0	0	20334
9	"Есет мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	28	0	0	20334
10	"Сыңғырлау мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	30	0	0	20334
11	"Сарға балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	0	0	20334

12	"Боранқұл балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	138	0	0	20334
13	"Бейнеу балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	200	0	0	20334
14	"Бейнеу Балапан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	0	0	13003.0
Барлығы		1217			x

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ